Жеке кәсіпкер Габдуллина С.К.

Атырау облысы Білім басқармасының Индер ауданының білім бөлімінің "Балбөбек" бөбекжай-бақшасы " коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны № 15799744-1 конкурсы 2026 жылға арналған азық-түлік сатып алу бойынша Сіздің 2026 жылғы 07 қаңтардағы № 274258 шағымыңызды қарап, келесіні хабарлайды.

Әлеуетті өнім берушінің конкурстық өтінімін қарау барысында конкурстық комиссия тарапынан тауар жеткізушіні таңдау өлшемшарттары бойынша балл есептеу кезінде техникалық қате жіберілген.

Конкурстық өтінімдерді бағалау **Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 598 бұйрығымен бекітілген тауар жеткізушіні таңдау өлшемшарттарына**, сондай-ақ **Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің міндетін атқарушының 2025 жылғы 31 шілдедегі № 173 бұйрығымен енгізілген өзгерістерді** (8-қосымша) ескере отырып жүзеге асырылады.

Атап айтқанда, конкурстық комиссия келесі қағидаларды қабылдайды:

1.Алдыңғы 7 жылдағы жұмыс тәжірибесінің болуы өлшемшарты бойынша

Балдар тиісті өңірде растайтын құжаттар (шарттар және қабылдау-тапсыру актілері) болған жағдайда, өлшемшарттарға берілген ескертпеге сәйкес беріледі. Бір уақыт кезеңінде бірнеше тапсырыс берушіге тауар жеткізілген жағдайда балдар жинақталмайды.

2. Тауардың қазақстандық шығу тегі мәртебесін растайтын құжаттың болуы өлшемшарты бойынша

Конкурс (лот) шеңберіндегі тауарлардың жалпы көлемінің кемінде **20%** көлемінде қазақстандық шығу тегі бар тауарды сертификаттайтын құжат ұсынылған кезде, өлшемшарттардың 2-тармағының талаптарына сәйкес балдар беріледі.

3. Азық-түлік өнімдерін мамандандырылған автокөлікпен жеткізу шарттары өлшемшарты бойынша

Техникалық сипаттамалары көрсетілген және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 11 қаңтардағы **№ ҚР ДСМ-5** бұйрығымен бекітілген санитариялық қағидалардың талаптарына сәйкес келетін, мамандандырылған автокөлікке (меншікті не жалға алу, лизинг, өтеусіз пайдалану және т.б. негізінде) қатысты растайтын құжаттар болған жағдайда балдар тағайындалады.

Баяндалғанды ескере отырып, сіздің шағымыңыз толық қанағаттандырылды. Комиссия мүшелерімен конкурс нәтижесі қайта қарастырылатын болады.

Осы жауаппен келіспеген жағдайда, сіз оған Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 91-бабында белгіленген тәртіппен шағымдануға құқылысыз.

«Балбөбек» бөбекжай – бақшасының меңгерушісі **Г.Қ.Абилхаликова**